

«БЕКІТЕМІН»
«ШҚО Кәсіптік білім беру орталығы»
КММ директорының м.а.

Г.Т. Кездикбаева
« 30 » 2023 ж.



**ШҚО ТЖКББ жүйесіндегі колледж кітапханашылары арасында
«Үздік кітапханашы» облыстық байқауының
ЕРЕЖЕСІ**

Өскемен қаласы, 2023 жыл

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы ереже «Үздік кітапханашы» облыстық конкурсының (бұдан әрі – Конкурс) мақсаты мен міндеттерін, мерзімі мен тәртібін, қатысушылардың құрамына қойылатын талаптарды, конкурстық комиссияны құру, материалдарды қарау, қорытындыларды шығару және жеңімпаздарды марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2 Байқау ТЖКББ ұйымдары кітапханашыларының кәсіби шеберлік деңгейін арттыруға, шығармашылық тұрғыдан өзін-өзі жетілдіруге тұрақты ұмтылысты, тартымды имиджді қалыптастыруға және білім беру саласындағы мамандықтың беделін көтеруге бағытталған.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

2.1 Конкурстың мақсаты:

- шығармашылықпен жұмыс істейтін колледж кітапханашыларын анықтау, қолдау және олардың инновациялық жұмыс тәжірибесін тарату.

2.2 Конкурстың міндеттері:

- білім алушылардың рухани-адамгершілік дамуына және олардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыруға белсенді ықпал ететін дарынды, белсенді кітапханашыларды анықтау және қолдау;

- олардың әлеуметтік және кәсіби мәртебесін арттыру;

- кітапханалық-ақпараттық кеңістікті дамыту;

- жаңашылдық үдерістерді енгізу саласында кітапхана мамандарының құзыреттілігі мен кәсібилігін дамыту;

- колледж кітапханашыларының шығармашылық, іскерлік белсенділігін ынталандыру және біліктілігін арттыру;

- кітапханашының озық тәжірибесін тарату.

3. Конкурсты ұйымдастыру

3.1 Конкурсты дайындау мен өткізуді ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады;

3.2 Ұйымдастыру комитеті Конкурсты өткізу тәртібі мен мерзімін бекітеді, қатысушыларды бағалау критерийлерін әзірлейді, бұқаралық ақпарат құралдарында ақпаратты таратуды ұйымдастырады;

3.3 Қатысушылардың жетістіктерін бағалау және жеңімпаздарды анықтау үшін конкурстық комиссия құрылады;

3.4 Конкурс комиссиясының құрамына кітапхана ісі саласындағы ұжымдық түрде шешім қабылдайтын жоғары кәсіби мамандар мен әдіскерлер кіреді.

4. Конкурсты өткізу мерзімі мен тәртібі

4.1 «Үздік кітапханашы» байқауы екі кезеңнен тұрады, олардың әрқайсысында тәуелсіз сараптама комиссия мүшелері ұсынылған конкурстық материалдарды бағалайды.

Бірінші кезең – сырттай – **2023 жылғы 20-21 желтоқсанда** өтеді;

Екінші кезең – офлайн – **2023 жылдың 26 желтоқсанында** өтеді.

4.2 Конкурса қатысуға өтінімдер ағымдағы жылдың **5 желтоқсанына дейін**, ал Конкурс материалдары қағаз және электронды түрде 13 желтоқсанына дейін tipo.metod@mail.ru электрондық пошта арқылы қабылданады (1-қосымша).

4.3 Конкурса колледж кітапханашылары қатысады. Қатысушылардың еңбек өтілі, білімі және жасы шектелмейді.

5. Конкурстың шарттары мен мазмұны

5.1 Бірінші кезеңі (онлайн) – Конкурса қатысуға үміткерлер облыстық ұйымдастыру комитетіне 2 тапсырмадан тұратын конкурс материалдарын ұсынады:

1) ұзақтығы 3 минуттан аспайтын бейне материал түріндегі «БиблиоЛик» визиткасы. Қатысушы жеке және кәсіби қасиеттерін ашып, өзінің кәсіби кредосын айтып, шығармашылық жетістіктері мен идеялары туралы ақпарат беруі керек;

2) қатысушы «Үздік жоба» тақырыбын «Оқуға құштар колледжі» жобасын іске асыруды, үздік идеяларды жинақтауды ескере отырып, колледж кітапханаларының қызмет бағытына сәйкес, инновациялық технологияларды енгізудің оң мысалдарын өз бетінше тұжырымдап ұсынады;

5.2 Конкурстың бірінші кезең бойынша іріктеуден өткен жеңімпаздар екінші кезеңде 2 үй тапсырмасын («БиблиоЛик» визитка; жобаны қорғау) ұсынады және блиц-турнир сұрақтарына жауап береді;

5.3 Тапсырмаларды бағалау

1) «БиблиоЛик» визиткасын бағалау критерийлері:

- талдау және жалпылау қабілеті;
- жалпы кәсіби эрудиция;
- көпшілік алдында сөйлеу мәдениеті;
- бейнероликтің ақпараттылығы мен мазмұны;
- бейне сапасы;
- кәсіби қызмет нәтижелері.

2) Жобаны қорғауды бағалау критерийлері:

- жаңашылдық (идеяның, мазмұнның жаңалығы, өзіндік ерекшелігі, бірегейлігі);
- мақсаттар мен міндеттерге сәйкестігі;
- тәжірибеде жүзеге асыру мүмкіндігі;
- кәсіби және жеке қасиеттер (материалды баяндау дағдысы, сөйлеу мәдениеті);

3) Блиц-турнир критерийлері:

- кәсібилігі;
- жауаптың нақтылығы;
- нанымдылығы.

6. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1 Конкурс комиссиясы ұсынылған материалдарды тексереді, бағалайды және нәтижелерін шығарады.

6.2 Конкурстың қорытындылары комиссия отырысының хаттамасында көрсетіледі.

6.3 Конкурс жеңімпаздары мен жүлдегерлері I, II, III дәрежелі дипломдармен, номинация бойынша грамоталармен марапатталады.

Конкурса қатысты барлық сұрақтар бойынша «Шығыс Қазақстан облысының кәсіптік білім беру орталығы» КММ-ге хабарласуға болады.

Өскемен қаласы, Абай көшесі 21 ғимарат, тел.: (7232) 700-590, 87022778710.

ӨТІНІМ
(қатысушы толтырады)

1. А.Т.Ә (толық) _____

2. Туған күні, айы, жылы _____

3. Жұмыс орны _____

4. Білімі, білім беру ұйымының атауы _____

5. Қазіргі атқаратын қызметі _____

6. Кітапхана қызметіндегі еңбек өтілі:

7. Қызметіңіздің маңызды нәтижелері және қосқан үлесіңіз: _____

8. Ақпаратты қайта жіберуге арналған мекен-жай:

e-mail: _____

телефоны: _____

(қатысушының қолы)